

**Карантинді тоқтату және Денисов ауданы Свердлов ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 3 шілдедегі № 5 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Қостанай облысы Денисов ауданы Свердлов ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 8 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 қазанда № 24763 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27-бабына сәйкес және Денисов ауданы мемлекеттік бас ветеринариялық-санитариялық инспекторының міндетін атқарушысының 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 01-27/603 ұсынысы негізінде,  
**ШЕШТІМ:**

1. Қостанай облысы Денисов ауданы Свердлов ауылдық округі Приречное ауылының аумағында мүйізді ірі қара малдың арасында сібір жарасы ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шараларының жүргізілуіне байланысты белгіленген карантин тоқтатылсын.

2. Свердлов ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 3 шілдедегі № 5 "Карантин белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23292 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Свердлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жариялағанынан кейін Денисов ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Свердлов ауылдық округінің әкімі*

*Г. Макаева*